



БҮЙРЫҚ

01.09.2021

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 119

город Нур-Султан

## Қауіпсіз тамақтандыруды ұйымдастыруды санитарлық нормалар талаптарын орындау туралы

ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 24 мамырдағы №231 бүйрығы негізінде ("Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және оқытын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы" 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы), ҚР "Білім туралы" Занының 43 бабының 11 тармағына, 48 бабының 5 тармағына сәйкес, ББ бүйрығын жүзеге асыру мақсатында және білім беру мекемелерінің оқушыларын толық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында, келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына, тоңазытқыш – технологиялық жабдықтардың жарамдылығына, азық-тұліктерді сақтау мерзімдері мен шарттарының сақталуына, тамақтануды ұйымдастыруды жақсарту және дайын өнімнің шығуын бақылауды жүзеге асыру мақсатында

### БҮЙЫРАМЫН:

1. А.Қ.Қайдарова тұтынушылардың құқықтарын қорғау Департаментімен келісіп жасалған санитарлық-эпидемиологиялық тұжырымдамасын, асхананың ас мәзірін, өндірістік бақылаудың келісімшартын, қауіпсіз тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау Департаментімен келісілген меморандумды бақылауға алсын
2. Өлеуметтік педагог Б.И.Тажикеева жаппай оқу қорының есебінен бөлінетін ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша мониторингті жүргізсін.
3. Тамақтану бойынша көрсетілетін қызметтердің сапасын тексеру бойынша комиссия құрылсын.
4. Медициналық қызметкер Ш.М.Туаров күн сайын ас блогі және асханадағы тазалық пен тәртіпті, санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың сақталуын қадағаласын, шикі өнім журналын, дайын тағамдардың бракераж журналын

толтырып, бақыласын, күнделікті асхана қызметкерлерінің жағдайын тексеріп, тиісті журналдарда тіркесін.

5. Педагогикалық кеңестерде ыстық тамақты ұйымдастыру мәселелерін тоқсан сайын 1 рет, директордың орынбасары жанындағы кеңестерде қарастырылсын.

6. Осы бүйректың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Гимназия директоры

Т.К.Крылова

